

Ақпараттандыру, байланыс саласындағы, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 4 маусымдағы № 114/НҚ және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 52 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 7 маусымда № 18805 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабының 3-тармағына, 143-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.05.2025 № 260/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.06.2025 № 51 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.05.2023 № 104/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2) Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.05.2023 № 104/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Ақпараттандыру саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Байланыс саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағы бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Ақпараттандыру, байланыс саласындағы, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1275 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 841 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12990 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Ақпараттандыру, байланыс саласындағы, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1275 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 841 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 456 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 40 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17675 болып тіркелген, 2018 жылғы 8 қарашадағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

А. Жұмағалиев

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Р. Дәленов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2019 жылғы 4 маусымдағы
№114/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 маусымдағы
№ 52 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.05.2023 № 104/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2019 жылғы 4 маусымдағы
№114/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 маусымдағы
№ 52 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Байланыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.05.2023 № 104/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2019 жылғы 4 маусымдағы
№ 114/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 маусымдағы
№ 52 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған меншік иелері мен операторларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иелері мен иеленушілеріне, дербес деректерді қамтитын базалардың меншік иелері мен операторларына, сондай-ақ субъект, меншік иесі және (немесе) оператор болып табылмайтын, бірақ олармен (онымен) байланысты мән-жайлармен немесе дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі құқықтық қатынастармен байланысты емес үшінші тұлғаларға қатысты ақпараттандыру саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.05.2023 № 104/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тағайындау туралы акт

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекенжайы

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	техникалық құжаттаманың қағаз жеткізгіштерде түпнұсқаларының болуы туралы талаптың сақталуы		
2.	"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісін электрондық ақпараттық ресурстарының сақталуы, қорғалуы, оларда іркіліс болған немесе бүлінген жағдайда қалпына келтірілуі бойынша талаптардың сақталуы		
3.	электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін жасау және уақтылы өзектендірілуін бақылау жөніндегі талаптардың сақталуы		
4.	АЖ-ны өнеркәсіптік пайдалануға қабылдау туралы акт, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес оң сынақ нәтижесі бар акт, техникалық құжаттама сараптамасы және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік аттестаты бар болған жағдайда, мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерімен интеграциялайтын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің талапты сақтауы		
5.	электрондық ақпараттық ресурстарды алған ақпараттық жүйелердің меншік иелері мен иеленушінің ақпараттық жүйелерде қамтылған дербес деректерді қорғау		

	бойынша талаптарды сақтауы		
6.	Мүліктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды шектеу мақсатында жеке тұлғалар туралы дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалануға жол бермеу бойынша талаптарды сақтау		
7.	дербес деректерді жинау, өңдеу шарттары бұзылған жағдайда, субъектінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның өздерінің дербес деректерін бұғаттауды талап ету құқықтарын сақтау		
8.	субъектінің меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан оларды жинау мен өңдеу заңсыз жүргізілген жағдайда, дербес деректер және оларды қорғау заңнамасының бұзылуына байланысты өздерінің дербес деректерін жою құқығының сақталуы		
9.	субъектінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге оның келісімін алғаны туралы дәлелдемені ұсыну міндеттемелерінің сақталуы		
10.	уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісілген техникалық тапсырманың болуы туралы талаптардың сақталуы		

11.	"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісін құру және жасау кезінде бір жылдан аспайтын тәжірибелік пайдалануды жүргізу мерзімі туралы талаптардың сақталуы		
-----	---	--	--

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2019 жылғы 4 маусымдағы
№ 114/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 маусымдағы
№ 52 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Жеке тұлғаларға, мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, байланыс операторларына қатысты байланыс саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.05.2023 № 104/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.05.2025 № 260/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 13.06.2025 № 51 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тағайындау туралы акт _____
№, күні _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды жүзеге асыру бойынша міндеттердің сақталуы		
2.	Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінде пайдаланылатын техникалық байланыс құралдарының пошта байланысының техникалық құралдарының электр магниттік сәулелену көзі болып табылатын радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәйкестігінің расталуы		
3.	жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптың сақталуы		
4.	байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге арналған лицензияның болуы		
5.	Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттардың болуы		
6.	байланыс қызметтерін көрсету бойынша қызметті бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаның болуы		

7.	радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаның болуы		
8.	байланыс желілерінде жедел-іздігіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдарға барлық байланыс желілерінде жедел-іздігіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізуде ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларды жүргізу нысандары мен әдістерін жариялауды болдырмау жөнінде шаралар қабылдау бойынша міндеттердің сақталуы		
9.	Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген, байланыс операторының деректерді таратуды өлшеу жүйесі мен қосылу ұзақтығын өлшеу жүйесі бар трафикті есепке алу жүйелерінің болуын растау үшін Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінен үзінді көшірменің, қолданыстағы тексеру сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптың сақталуы		
	байланыс операторының, қызмет провайдерінің,		

10.	ведомстволық телекоммуникациялар желісі, арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желісі, корпоративтік желі иелерінің бөлінген нөмірлеу ресурсының 50 пайыздан астамын бөлінген кезден бастап екі жыл ішінде пайдалану бойынша талапты сақтауы		
11.	нөмірлеу ресурсын алушының нөмірлеу ресурсын пайдалануы (нөмірлеу аймағын географиялық тұрғыдан айқындамайтын "DEF" кодындағы "X1", "X1X2" индекстерін; көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу кодтарын пайдалана отырып байланыс қызметтерін ұсынатын (X1X2X3)/(X1X2X3X4) операторлар кодтары; " 1UV (X1(X2))" шұғыл ж е д е л , ақпараттық-анықтамалық және тапсырыс беру қызметтеріне қол жеткізу нөмірлерін, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының таңдау префикстерін бөлінген кезден бастап екі жыл ішінде 6 айдан астам (уәкілетті орган жүзеге асыратын тексеру нәтижелері бойынша) пайдалану бойынша талаптың сақталуы		
12.	басқару орталығының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жерүсті сегменттері мен коммутациялық тораптарды қамту бойынша талапты сақтауы		

13.	тәуелсіз географиялық трассалар бойынша ұйымдастырылған тәуелсіз айналма жолдарды беру немесе сол тарату желілерінде ұйымдастырылатын трактілерге (арналарға) ауыстыру жолымен көліктік желілерді резервке қою бойынша талаптың сақталуы		
14.	оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында көліктік телекоммуникациялар желілерінің (магистральдық және аймақішілік байланыс желілерінің) болуы туралы талаптың сақталуы		
15.	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желілерінде басқа елдердің жалпы пайдалануындағы телекоммуникация желісімен халықаралық қосылуды ұйымдастыру үшін кемінде үш таратудың (екеуі өз желісінің бағытымен және біреуі басқа елдің желісінің бағытында) шығуы (үш бағыт) бар желілік тораптардың болуы туралы талаптың сақталуы		
	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында		

16.	жерүсті байланыс желілері бойынша көліктік желінің шетелдердің байланыс операторларының телекоммуникациялар желілерімен кемінде бір тоғысу нүктесінің болуы туралы талапты сақтауы		
17.	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қамтамасыз ететін желілерді дербес құруы (дамытуы) туралы талаптың сақталуы		
18.	оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында тактілі желілік синхрондау жүйесінің болуы		
19.	оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында қалааралық және халықаралық коммутация станцияларының болуы туралы талаптың сақталуы		
20.	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісінің құрамында басқару жүйесінің және техникалық пайдалану жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүйелерінің болуы		

21.	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникация желілерімен кемінде алты облыстың (географиялық нөмірлеу аймағы), Астана және Алматы қалаларының аумағын қамтуы бойынша талаптың сақталуы		
22.	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының халықаралық коммутация орталықтарының кемінде екі басқа қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының халықаралық коммутация орталығымен байланыстың болуы, ал барлық автоматты қалааралық телефон станциялары кемінде екі халықаралық коммутация орталығымен байланыста болуы тиіс		
23.	техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамын растау үшін тиісті білімі мен мамандығы бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы тізімінің, дипломдардың көшірмелерінің, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың, еңбек кітапшаларының немесе еңбек шарттары көшірмелерінің, байланыс саласында даярлық және біліктілігін арттыру бойынша курстардан өткені туралы куәліктер немесе сертификаттардың болуы		

	туралы талаптың сақталуы		
24.	акционерлер (қатысушылар) арасында акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) бөлу жөніндегі ақпаратты растау үшін өтініш берушінің құрылтай құжаттары көшірмелерінің және бағалы қағаздарды ұстаушылар (серіктестік қатысушыларының) тізілімінің болуы туралы талаптың сақталуы		
25.	радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың техникалық сипаттамалары мен пайдалану жағдайларының Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта және радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламада жазылған талаптарға сәйкестігі туралы талаптың сақталуы		
26.	пайдаланушыларға сапасы жағынан стандарттарға, техникалық нормаларға, байланыс қызметін көрсетуге арналған шарттың талаптарына, байланыс қызметінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес келетін байланыс қызметтерін көрсету бойынша міндеттердің сақталуы		

27.	Ұялы байланыс операторларының абоненттерге тегін қосылыстырды ұсынуды қамтамасыз ету бойынша талапты сақтауы		
28.	зияткерлік қызметтер (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) көрсетілген кезде тарифтелетін қосылудың басталуына дейін байланыс операторының абонентке аталған қосылыстың құны туралы хабарлама беру туралы талапты сақтауы		
29.	ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге байланысты ақпаратты абоненттерге ұсыну мақсатында ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету жүйесін құру бойынша талаптың сақталуы		
30.	байланыс операторының желісінде абонент алған байланыс қызметтерін, оларды пайдалану уақыты, ұқсас стандартты басқа желі абоненттерінің телефон нөмірлерімен қосылыстары туралы ақпараттарды автоматты түрде есепке алуды жүзеге асыру бойынша талаптың сақталуы		
31.	абоненттерге түнгі уақытта (сағат 22:00-ден 06:00-ға дейін) бұрын абонент сұратпаған, қысқа мәтіндік хабарламаларды және/ немесе мультимедиялық хабарламалар арқылы ақпараттарды (жарнамалық сипаттағы таратуларды) жіберу		

	бойынша лимитті орнату бойынша талаптың сақталуы (ұялы байланыс операторы үшін)		
32.	байланыс операторының абонентке телефон байланысы қызметтерін көрсету кезінде оған өзге ақылы қызметтерді тықпалауға жол бермеу бойынша талаптың сақталуы		
33.	абонент телефон байланысы қызметі сапасының нашарлағаны туралы өтінішті берген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапасын қалпына келтіру бойынша қажетті шаралар қабылдау және абоненттік төлемді қайта есептеуді жүргізу бойынша талаптың сақталуы		
34.	байланыс абоненттің кінәсінен болған абоненттік құрылғының нақты әрекетсіздігі кезеңінде абоненттік төлемдерді қайта есептеуді жүргізу бойынша талаптың сақталуы		
35.	абонентті телефон желілеріндегі авариялар туралы және осы аварияларды жоюдың болжанатын мерзімі туралы хабардар ету бойынша талаптың сақталуы		
36.	себептерін көрсете отырып, күнтізбелік 30 күн бұрын абоненттік нөмірді алмастыру туралы және (немесе) терминалды ажырату туралы абонентті хабардар ету бойынша талаптың сақталуы		

37.	оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, абоненттің келісімімен байланыс қызметтеріне тариф шарттарын өзгерту туралы талаптың сақталуы		
38.	уақтылы төлемегені үшін ажыратылған байланыс қызметіне қол жеткізуді, берешекті өтеген кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде (абоненттен ақы төлегенін растауды алған немесе ұялы байланыс және Интернетке қол жеткізу қызметтері операторлары үшін абоненттің байланыс қызметіне ақы төлеу бойынша берешегін жойғаны туралы растаушы құжаттарды ұсынған кезден бастап) қалпына келтіру бойынша талаптың сақталуы		
39.	байланыс операторының абонентке/ пайдаланушыға байланыс қызметін көрсету кезінде олар өзге де қызметтерді алу шарттарын орындамаған жағдайда оның құқығын шектеуге жол бермеу бойынша талапты сақтауы		
40.	байланыс операторы мен абоненттің арасында байланыс қызметін көрсету бойынша жария шарттың болуы		
41.	олардың желісінде жұмыс істейтін абоненттік құрылғылардың сәйкестендіру кодының тізілімін жүргізу		

	бойынша талаптың сақталуы (ұялы байланыс операторлары үшін)		
42.	абоненттік құрылғының меншік иесінің өтініші бойынша өз желісінде сәйкестендіру коды бойынша абоненттік құрылғының жұмысын тоқтата тұру немесе қалпына келтіру бойынша талаптың сақталуы (ұялы байланыс операторлары үшін)		
43.	абоненттерді байланыс құралдарын жартылай немесе толық ажыратумен байланысты оған профилактикалық қызмет көрсету туралы және осындай жұмыстарды жүргізу мерзімдері туралы аталған жұмыстар басталғанға дейін күнтізбелік үш күн бұрын хабардар ету бойынша талаптың сақталуы (ұялы байланыс операторлары үшін)		
44.	тәулік бойғы режимде ағымдағы есеп шотындағы ақшаның балансын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша талаптың сақталуы		
45.	абонентке көрсетілген ұялы байланыс қызметтеріне артық төленген ақша қаражатын қайтару немесе абонент келісім берген кезде ұялы байланыс қызметтеріне аванс беру ретінде есептеу		
46.	байланыс операторының техникалық мүмкіндік болған кезде байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт жасасудан		

	бас тартуына жол бермеу бойынша шарттың сақталуы		
47.	байланыс операторының бастамасы бойынша жаңа автоматтандырылған телефон станцияларының пайдалануға берілуіне және жергілікті телефон желілерінің реконструкциялануына байланысты пайдаланушыларды алдын ала хабардар ете отырып, абоненттік нөмірлерді тегін ауыстыру туралы талаптың сақталуы		
48.	байланыс қызметтеріне кредиттік ақы төлеу тәсілі шарттарының сақталуы		
49.	байланыс қызметтеріне аванстық ақы төлеу тәсілі шарттарының сақталуы		
50.	үстем жағдайға ие байланыс операторының қосу шартын жасасудан бас тартуына не үстем жағдайға ие байланыс операторының байланыс желілерін қосуға немесе төсеуге көрінеу шектеуші шарттар белгілеуіне жол бермеу бойынша талаптың сақталуы		
51.	ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісінде телекоммуникациялар желілерін қосу мерзімдерінің сақталуы		
52.	байланыс операторларының трафикті өткізу және өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникациялар желілерін қосу деңгейлерін сақтауы		
	тегін, атын және әкесінің атын (бар болған		

53.	жағдайда), Интернетте жұмыс істеуді бастау және аяқтау уақытын, пайдаланушы жұмыс істеген компьютер иесінің нөмірін қамтитын пайдаланушыларды есепке алудың электрондық журналының болуы (елді мекендерде ұялы байланыс болмаған жағдайда) туралы талаптың сақталуы		
54.	байланыс операторының соттың заңды күшіне енген шешімінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған ақпаратқа рұқсат бермеу туралы талапты сақтауы		
55.	желілік мекенжайларды ауыстыруға тыйым салу туралы талаптың сақталуы		
56.	байланыс операторының Қазақстан Республикасының радиожілілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта көрсетілген елді мекендерді және (немесе) аумақтарды байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауы		
57.	байланыс операторының және (немесе) байланыс желісі иесінің байланыс қызметтерін көрсету туралы тиісті шарты жасамай, байланыс қызметтерін көрсетуі, сол сияқты байланыс операторы өкілінің абоненттік нөмірлерді таратуы		
	ұялы байланыс операторының Қазақстан Республикасының		

58.	радиожиилік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта көрсетілген елді мекендерді және (немесе) аумақтарды байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауы		
59.	радиожиилік спектрін бір жыл ішінде пайдаланбау		
60.	ұялы байланыс операторының ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірлерді көшіруді және олардың мерзімдерін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындауы		
61.	Қазақстан Республикасының радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің мемлекеттік бюджетке төленгендігін растайтын құжаттың болуы		
62.	басқа жеке немесе заңды тұлғаларға өздеріне иелікке берілген жиилік белдеулерін, радиожииліктерді (радиожиилік арналарын) уақытша немесе тұрақты пайдалану құқығын беруге жол бермеу бойынша талаптың сақталуы		
63.	пошта операторының пошта жәшіктерін орнату және олардан пошта жөнелтілімдерін алуды жүзеге асыру бойынша талаптарды сақтауы		
64.	пошта жәшіктерінде пошта операторының логотипінің, берілген нөмірінің, хат-хабарларды жәшіктен алу жиилігі мен уақытының (алғашқы және соңғы алыну		

	уақыты) болуы туралы талаптың сақталуы		
65.	ауылдық жердегі пошта жәшіктерінде пошта операторының логотипінің, берілген нөмірінің, алыну уақытының, сондай-ақ алу жүзеге асырылмайтын күндерінің болуы туралы талаптың сақталуы		
66.	Пошта операторының өндірістік объектілеріне кірер жерде өндірістік объектінің атауы және жұмыс режимі көрсетілген маңдайшаның, оның ішінде қалаларда орналасқан және жылжымалы график бойынша, түскі үзіліспен немесе демалыс күнімен жұмыс істейтін өндірістік объектілерде, сондай-ақ басқа график бойынша немесе демалыс күндерінсіз қызметтер ұсынатын жақын маңдағы өндірістік объектінің орналасқан жері және жұмыс режимі туралы мәтіндегі маңдайшаның және қазақ, орыс тілдерінде хабарландырудың болуы туралы талаптың сақталуы		
67.	пошта операторының өндірістік объектісінің операция залында пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар үшін көрнекі және қолжетімді жерде ақпараттық материалдың болуы туралы талаптың сақталуы		
	пошта операторының өндірістік объектілерді меншікті атаулы		

68.	құрылғылармен қамтамасыз ету бойынша талапты сақтауы		
69.	пошта операторының пошта желілерінде пошта жөнелтілімдерін ашпай-ақ, ондағы тыйым салынған заттар мен нәрселерді анықтауға мүмкіндік беретін техникалық құралдар мен жабдықтарды орнату бойынша талаптарды сақтауы		
70.	байланыс желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардың абоненттер туралы қызметтік ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді сақтау, сондай-ақ цифрлық даму Министрінің бірлескен бұйрығымен бекітілген байланыс саласындағы тексеру парағын жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің нысандары мен әдістерін ашуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау		
71.	байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптарға сәйкес жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық жүргізу үшін ө з і н і ң телекоммуникациялық жабдығының функцияларын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді сақтау		
72.	абоненттердің ұялы байланыс желілерінде ұялы байланыс сигналын күшейткіштерді (қайталағыштарды, б е л с е н д і ретрансляторларды)		

	пайдалану тәртібін сақтауы		
--	-------------------------------	--	--

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2019 жылғы 4 маусымдағы
№ 114/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 маусымдағы
№ 52 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

Мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған меншік иелері мен операларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иелері мен иелеріне қатысты Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.05.2023 № 104/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тағайындау туралы акт _____

№, күні _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекенжайы

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	электрондық құжаттарды қабылдаудан бас тартуға жол бермеу бойынша талаптардың сақталуы		
2.	куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін иеленушілер туралы мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етуі		
3.	тіркеу куәлігін иеленушінің өзіне тиесілі электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін құқыққа сыйымсыз қолжеткізуден және пайдаланудан қорғау үшін, сондай-ақ ашық кілттерді сақтау бойынша шараларды қолдануы		
4.	электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін басқа тұлғаларға беру бойынша тыйым салу туралы талаптың сақталуы		

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)